



АЛҒЫС ХАТ

Республика мектептері арасында өткен
"Ой-сана" зияткерлік олимпиадасының
жеңімпазын дайындап, шәкіртінің интеллектуалды
қабілетін дамытып, білім саласының өркендеуіне
үлес қосып, кәсіби біліктілігін жоғары
дәрежеде танытқаны үшін

Абеуова Акжаркын

марапатталады

«Жас Ғалым-Жастар»
КК-нің төрағасы

Ж. ТӨЛТЕБАЙ

Президенттік «Жас Ұлан»
жастар ұйымының төрағасы

А. ЕРМЕКБАЙҰЛЫ



Тіркеу № _____

2022 жыл

XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАС ҒАЛЫМЫ



ОҚУШЫЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



ХАЛЫҚТАН ТУҒАН ДАРЫН

АТАБАЙ Несібелі Сейітқызы,
№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының
оқушысы.
Жетекшісі: АБЕУОВА Ахжаркын Бекзатовна,
Түркістан облысы, Келес ауданы



Бейімбет – тұңғық екен!

Бейімбет-жұмбақ екен!

Бейімбетті әлі де дұрыс тани алмай жүр
екенбіз....

«Кең қоныш көзекеннің баласымын, Ескілік
жаңалықтың арасымын...» -деп өзі жазғандай,
атажұрты ерте таныған атайшы жазушы, қазақ
көркем сөзінің хас шеберлерінің бірі Бейімбет
Майлиннің өмірбаяны да, шығармашылық
қызметі біздей оқырманға жақсы таныс.

Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин (Бимағамбет)
(1894-1938) - қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ
әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

Туып-өскен жері-қазіргі Қостанай облысының
Таран ауданы, Майлин кеңшарында туған. Бір
жасқа толмай жатып әкесінен жетім қалған. Бір
байдың сауыншысы болып жүрген анасының
қолында тәрбиеленеді. Жеті жасқа жетпей анасынан
айрылады да, өзі де сол байдың қозысын бағып, кейін
атының делбесін ұстайды. Бейнет пен жоқшылықтың
дәмін ерте татқан жас бала, ендігі жерде әжесінің
жылы құшағында бұйымға тербеліп отырып, оның:

Өмірімде көргенім күндік, құлдық,

Бұл жалғанда бар ма екен біздей мұңдық?-деген
жылаған зарының сырын жанымен ұғады. Әжесі көне
жырларды көп білетін, өзі де аздап өлең шығаратын
ақынжанды адам екен. Соның әсері болса керек,
Бейімбет қаршадайынан өнерге құмартып өлеңге
әуестенеді. Майлин алғаш рет ауыл молдасынан
сауат ашып, хат таниды. Содан соң есігінде жүрген
бай үйінде тұратын Әбдірахман Сатыбалдин деген
татар мұғалімінен дәріс алады. Одан әрі іргелес
көрші ауылдағы басқа бір Әбдірахман Арғынбаев
дегеннің медресесіне түсіп, екі жыл (1910-1912)
оқиды. (Шұғаның белгісіндегі бас кейіпкердің
мұғалім болуы және Әбдірахман атануы тегін емес)
Өз бетінше кітап оқып, көп ізденді; қалаға барып,
білімін одан әрі көтеруге талаптанды.

Алғаш ауыл молдасынан оқып сауат ашқан.
1911-1915 жылдар аралығында Троицк қаласындағы
Уәзифа медресесінде, Қостанайдағы орысша қазақша
мектепте, Уфадағы Медресе Ғалияда оқып білім
алған.

Осы жылдарда ол қазақ, татар, башқұрт, орыс

әдебиеттерімен кеңірек танысып, әдеби сауаты
арта түседі. Денсаулығына байланысты Майлин
медресені аяқтай алмай, 1916-1921 ж. Ауылда
қаламгерлік қызметпен қатар, ауыл жастарына
ұстаздық етеді. Бұл бір орасан қиын, ойлы-қырлы,
бұралаң жолдары көп күрделі кезең еді. 1916 жылғы
маусым жарлығы кезінде елдің ер-азаматтары
қылыштарын көкке қайрап, екі жақты езгіге-патша
жендеттерінің талауына, жергілікті жемқорлардың
қанауына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі бастала-
ды. Бейімбет көтерілісшілерге сәт-сапар тілеп,
күрес адамдарын ашық айқасқа, берік сапқа тұруға
шақырды (Қанды тұман):

Ойбай-ау қайдасындар? Аттанындар!

Бері кел, шашау шықпа, топтанындар!- дей
тұрғанымен, осы қозғалыс бірсыпыра жерлерде
сәтсіздікке ұшырағанда кенет торығып келер күннен
үміт үзе жаздайды да, 1917 жылдың ақпанында
патшаның тақтан құлағанына қуанып, қайта жады-
райды. (Қазаққа):

Келді теңдік, туды теңдік басына,

Қатын, еркек, кәрі менен жасына.

Туыскандық, құрдастыққа асыға

Алалықты арандағы жой, қазақ!

Бұрынғыдай байың жарлық шашылма!

Бірлікпенен жұмыс атқар басыл да!

Азынаулақ миың болса басында,

Партия, штат, дау-шырыңды қой, қазақ!

Ақпан революциясының нәтижесінде шынымен-
ақ осы өлеңдегі ел-жұртты бірлікке шақырған
ақын үнінің асқақ рухы, азаматтық әуені, әлі күнге
маңызын жойған жоқ. Демек, Бейімбет Майлин сол
кездің өзінде туған елінің болашақ азаттық, еркіндік,
егемендік рухымен тыныстағандай.

Бірақ ол тұстағы жағдай да, заң да жалпыға мәлім.
Соған сәйкес ендігі өмірі мен өнерін түгел және
біржола Қазаннан кейінгі жаңа заманға бағыттаған
Бейімбет Майлин 1919-1921 жылдары ауылдағы
кеңес жұмысына араласады.

Осы кездерде 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысына
арналған, төңкерістен кейінгі кездердегі қазақ
ауылының тұрмысын суреттейтін бірсыпыра өлеңдер
жазды. 1922-23 жж. Орынборда шығып тұрған
«Еңбекші қазақ» газетіне қызметке келеді. Газет-

те редактор болып істейтін белгілі революционер акын С.Сейфуллиннің қарамағында жұмыс жасау Майлиннің шығармашылық жолына үлкен өзгерістер әкеледі, еңбекші таптың саяси мүддесін көздеген өлеңдер жаза басатайды. «Еңбекші Қазақ» газеті бетінде өлең, әңгімелері жиі жарияланады. «Шұғаның белгісін» қайтадан өңдеп, «Қызыл Қазақстан» журналында бастырады.

Шығармалары: XX ғасырдың қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірегейі - Бейімбет Майлин. Ол өз дәуірінің шындығын, қазақ елінің, әсіресе ауыл адамдарының тыныс тіршілігін, халықтың бастан кешкен оқиғаларды өз шығармаларында жазды.

Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин - әдебиетке өлеңмен келген акын. Бейімбет Майлин мұрасының көп бөлігін әңгіме жанры құрайды. Әңгімелерінің басты тақырыптары кедей, ашаршылық, әйел теңдігі жайлы. Бейімбет Майлин поэзия, проза, драма саласында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгер. Ол «Садақ» қолжазба журналында (1913), «Айқап» журналында (1914), «Қазақ» газетінде (1915) жарияланған алғашқы өлеңдеріне ден қояды. Сахара жұртының мұң мұқтажын, арман аңсарын, әсіресе азаттық теңдік тақырыбын тілге тиек етеді. Бейімбеттің поэзиялық шығармаларындағы Мырқымбай типтік кейіпкер деңгейіне көтерілген жынтық бейне. Мырқымбай бейнесі арқылы Бейімбет сол кездегі қазақ кедейлерінің болмыс бітімін, уақыт, қоғам аясындағы тіршілік тынысын суреткерлік шыншылдықпен бедерлей алған.

Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктетуге қомақты үлес қосқан. Оның «Байдың қызы», «Рәзия қызы», «Қашқын келіншек», «Зайкүл», «Маржан», «Өтірікке бәйге», «Хан күйеуі» «Кемпірдің ертегісі», «Бөліс», «Мырқымбай» поэмалары тақырыбының әр алуандығымен, оқиғалық тартымдылығымен, өзіндік тіл стилімен қазақ поэзиясының көрнекті үлгілерінің бірі болып табылады.

Б.Майлиннің балаларға бағытталған шығармалары баршылық. Сондықтан да оны балалар қаламгері деп таныған да орынды. «Өтірікке бәйге», «Кемпірдің ертегісі» секілді поэмаларын айтпағанда, Б.Майлиннің 1915 жылы жазған «Жазғы қалып», «Жазғы кеш», «Бұлтты күн» секілді өлеңдерінің өзі балаларға лайық. Рас, бұл кездерде Бейімбет саналы түрде балаларға арнап жазған жоқ. Алайда акын жүректің тілегі мен балалар мұқтажы сәйкес келіп, өз-өзінен балалар өлеңдері туған еді. Бірақ 1921 жылдан кейін Бейімбет асыл мұрат, азаматтық көмелеттік танытып, балаларға арнайы өлең жаза бастапты. Мұның бірі көрінісі – «Жаз келді» атты өлең. «Күн жылынып, қар да еріп дірілдеп, Сайсайлардан сулар ағып, күрілдеп...».

Осылайша балаларға тікелей өлең арнай бастаған Бейімбет 1922 жылы «Өтірікке бәйге» атты ертегі-дастанын жазды. Бұл енді қазақ балалар әдебиетінің асыл қорына қосылатын шығарма. Дастанды ұстап

тұрған арқау – асып-тасқан ханның ерігіп, өтірікке бәйге жариялауы. Сонымен хан «Уәзірлерін жиып алып, жұртқа бұйрық таратқан...». Мұны естіп білген жұрт қарап қала ма, істеп жатқан кәсіптерін жиып қойып, хан ауылына жиналады. Алтын алмақ, оп-оңай байып қалмақ. Содан олар хан алдында өтірік айтып жарысады. Таласқа түседі. Бірінен бірі асады. Бірақ хан «Бәрі рас, нанамын» деп, таудай талаптарын тұжыра береді. Сөйтіп барша өтірікшінің беті қайтып қалады. Сонда халық жеңіліп. Хан жеңіп кетпек пе? Жок. Үсті дал-дұл бір таз бала ханның алдына келеді. «Өтірігі өте жойқын, жас бала да нанғысыз. Алтын қымай «Рас» - дейді, Ұяты жоқ хан арсыз». Содан бала тағы бір өтірігін – соңғы өтірігін айтады. Еріні жалақ, жалаң аяқ, Қисық таяқ қолында. Ақсай басып, асып-сасып, Бұханың жүр соңында... Таксыр ханым! Білесіз бе, Сол жаман шал кім еді? «Жок, білмеймін, ал айта ғой!» Басқа ешнәрсе демеді. Таз бала «Бұл шал сіздің әкеңіз еді, рас па осыным?» - дейді. Хан шошынып, жеркенгендіктен еріксіз «өтірік» деп салады. Сөйтіп бала ханды жеңіп, бәйгені алады.

Майлин – драматург және киносценарийші.

Республикамыздың алғашқы өнер ордасы – музыка театрының қалыптасып, өріс алуына қосқан үлесі зор. Осында 1934 жылы М.Әуезовтың «Айман - Шолпан», М.Майлиннің «Шұға», Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», музыкалық драмалары сахнаға шығарылып, өнер өрісі кеңейді. 1936 жылы Мәскеуде Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігі өткенде Б.Майлиннің «Жалбыр» мен Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» пьесалары көрсетіліп, жоғары баға алды. Бейімбет тұңғыш киносценарий жазушысы. Алғашқы көркемсуретті фильм «Амангелді» 1937 жылдың аяғынан бастап экранға шығарылды. Оның киносценарийін жазған – Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, В.Иванов.

Жарық көрген кітаптары: Тұңғыш жинағы 1925 жылы С.Садуақасовтың алғы сөзімен «Коммунистік өлеңдері» деген атпен жарық көрді. 1925 жылдан 1937 жылға дейін жазушының алпыс алты кітабы жарық көрді. Мұның қырық тоғыз-өзінің төл еңбектері. Ал Б.Майлиннің осы кезеңдердегі оқулықтар, деректі кітаптар жазумен айналысқан қызметі – танымнан тыс жатқан қаламгерлік өрісі. Ол көркем шығармалар жазып, кітаптар шығарумен бірге, халық үшін аса қажетті оқулықтар түзуге, күнтізбелік кітаптар жасауға атсалысты, әр жылдарда шыққан ұжымдық жинақтарда, оқу құралдары мен хрестоматияларда шығармаларын жариялады. Бұл кітаптардың саны да біршама. Атап айтар болсақ, Б.Майлинге тиесілі «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы», «Күш», «Жаңаша оқы, жаз», /1929-1931/ кітаптары, оның, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, А.Асылбеков, Ғ.Мүсірепов, Ә.Мұстафин, Ә.Маметова, Ә.Ситдиқов секілді авторлармен бірлесіп туындатқан «1929 жылдың шаруа календары», «1930 жылдың шаруа календары», «1931 жылғы календарь жинағы».

«Әдебиеттану оқу құралы», «Сауат үшін», «Сауаттандырығыш», еңбектері ішінде де жазушының көпшілікке жете таныс емес жекелеген еңбектері, қысқа әңгімелері жетіп артылады.

Бейімбет Майлин туралы...

Біздің Би-аға, (Ғабит Мүсірепов естелігінен.)

Бейімбетті жазушылардың көпшілігі Би-аға дейтін. «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты хатшылығынан Сәбит Мұқанов босады да, оның орнына Б.Майлин келді. Мен әдеби қызметкер деген лауазымым бар корректор едім. Орынбор рабфагінің студентімін. Сабақтан кейін редакцияға келсем, Бейімбет барлық бөлім бастықтарымен әдеби қызметкерлерді жинап алып, кеңесіп отыр екен. Мәселе газеттің тіл жағын жақсарту жайында сияқты. Жаңа келген жауапты хатшы газеттің жыл басынан бергі номерлерін алдына алып, әртүрлі мақалалардан үзінді оқып отыр. Ойы буалдыр-буалдыр, тілі тіпті орашалақ мақалалар көптеу екен. Бұқараға түсінікті тіл Бейімбеттің бас сырқаты екенін бұрыннан білетінбіз. Сағат түнгі үшке таяғанда Бейімбет жиналысты аяқтап, бес – алты әдеби қызметкерге бір-бір үлкен материал берді: «Осыны өңдеп, газетке басуға жарайтындай етіп әкеліңдер!...». Бұл жас әдебиетшілерге жасап отырған сынағы сияқты. Уәделі күні, тағы да кешке таман мен материалдарымды Би-ағаның алдына әкеліп салып едім, ол бастан аяқ жазып байқасаң қайтсін? – деді. Байқап көрейін... дедім. Бейімбет сияқты атақты шебердің жәрдем берерін сезінген соң, мен төрт таңды көзіммен атырып, «Тулаған толқында» деген ұзаққа әңгіме жаздым. Бірақ онымды Би-ағаға үш рет әкеліп, үш рет көрсетпей алып қайттым. Қабырға газетіне шыққан әңгімемді оқып, жаман емес деді. Мен, алдыңызға баруға бата алмай жүрмін деген едім. Би-аға бұл кезде маңдай алды журналист, әрі үлкен жазушы, ол жас күштерді қабырға газеттерінен көп іздейді екен...

Мың өліп, мың тірілген қазақтың басынан өткен тарихты көзіне жас алмай тыңдауға мүмкін емес. Елдің елдігі ту-талапайға түскен төзгісіз жағдай көз алдына елестеп тұрады. 1930 -1938 жылдары ауыр да азапты кезең болды.

1937 – 1938 жылдарда террор жаппай сипат алды. Бұл жылдарда кеңес өкіметін орнату мен нығайтуға қатысқан, кезіндегі «Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлері мен мүшелері Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұханбетұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, т.б. жазаға ұшырады. Бұларға жазалаудың жоғары түрі ату жазасын қолданды. Жаңа қазақ әдебиетінің негізін салушылар Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов жазаға ұшырап өлтіріледі. Көрнекті тілші ғалым, профессор Құдайберген Жұбанов, қазақтың тарих мектебінің негізін салушы Санжар Асфендияров және басқалар жазалау шараларының құрбаны болды.

Енді бізге қайта оралды заңғарлар, Сталиндік тозақтарда жанғандар. Ахметтер, Жүсіпбектер, Сәкендер, Ілиястар, Бейімбеттер, Мағжандар.



Қазақтың Үш Бәйтерегі, Үш дінгегі

«Үш бәйтерек» ұлттық сөз өнерін азаматтық бейне, беделімен де, қайраткер, қаламгерлігімен де биік белеске көтерді. Ұлт руханиятын даңқты туындыларымен, тақырып байлығымен, жанрлық қырларымен, көркемдік әлемімен байытты. Әдебиеттің «Үш бәйтерегі» өмірдегі өрнекті өнегелерімен халық жүрегінде жол тапты.



Бейімбет Майлиннің ұрпақтары: бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Бейімбеттің зайыбы Гүлжамал, шетте отырған қызы Рәзия (Роза), ортадағы Әбілқасым, екінші қатарда (солдан оңға қарай): ұлдары Мереке, Еділ, ортадағы күйеу баласы Қадыр, жанындағы қызы Гүлсім.

Бейімбет Майлин дарыны оның прозалық шығармаларында айрықша жарқырап көрінген. Әсіресе, қазақ прозасында әңгіме жанры Бейімбет шығармалары арқылы кемелдене түсті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады. Ол – көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер.

Бейімбет Майлин шығармалары қазақ әдебиетін барлық салада байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі бірге жасайтын болады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
АКБЕРЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖУРНАЛЫ



АЛҒЫС ХАТ

Абдулова Азфарқия Бекзатовна

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығына сүйене отырып, "Akberen Education" – Акберен республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған сәуір айындағы Республикалық "Абай оқулары" конкурсына жеңімпаз тәрбиелеп, белсенділік танытқаны үшін марапатталады.

Берілген күні: 22.05.2023




Орталық директоры:
Мәуленов Талғат Оспанұлы



ГРАМОТА



Түркістан облысы Келес ауданы
№ 2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп- гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

АБЕУОВА АХЖАРКЫН БЕКЗАТОВНА

Жас ұрпақтың дарындылық қабілетін және зияткерлік
әлеуетін дамыту, ғылымға баулу жолындағы еселі
еңбегі үшін және дайындаған шәкірті

АТАБАЙ НЕСІБЕЛІ СЕЙІТҚЫЗЫ

“XXI ҒАСЫРДЫҢ ЖАС ҒАЛЫМЫ” ғылыми жоба
байқауында жеңімпаз болып, ғылыми жұмысы республикалық
жинақ кітабына жарияланғаны үшін

МАРАПАТТАЛАДЫ



БАС РЕДАКТОР

Б.А.ЕСЕН



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

ЖАС ҰРПАҚҚА САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ
ИГІЛІКТІ ІСТЕРІ МЕН ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ АРҚАСЫНДА ӨЗ ШЕБЕРЛІГІН,
БІЛІКТІЛІГІН ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ ТАНЫТҚАНЫ ҮШІН

М. Ө. Жүсіпұлы атындағы мектеп - лицейдегі
Айызова Айсархан Бағдатовна

МАРАПАТТАЛАДЫ

Түркістан облысы
Келес ауданы
Абай аяулы
бөлімі



Іркеу № 78

Түркістан облысы
Келес ауданы
білім және ғылым
қызметкерлерінің жергілікті
кәсіптік одағының төрағасы



Н. Артыков

Келес ауданы Абай ауылы
2021 жыл



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

ЖАС ҰРПАҚҚА САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ
ИГІЛІКТІ ІСТЕРІ МЕН ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ АРҚАСЫНДА ӨЗ ШЕБЕРЛІГІН,
БІЛІКТІЛІГІН ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ ТАНЫТҚАНЫ ҮШІН

Мә. Ө. Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясы
ұстазы Жәуіба Ақжарқын

МАРАПАТТАЛАДЫ



Түркістан облысы
Кеңес ауданы
білім және ғылым
қызметкерлерінің жергілікті
кәсіптік одағының төрағасы

 Н. Артыкова

Іркеу № 21

Кеңес ауданы Абай ауылы
2021 жыл



ГРАМОТА

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНА СІңІРГЕН
ЖЕМІСТІ ЕҢБЕГІ ҮШІН ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ
ҚОЛДАУ МЕН ДАМУ ЖОЛЫНДА ЖЕТЕКШІЛІК ЕТІП,
САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ
ЖЕТІСТІКТЕРІ ҮШІН

Түркістан облысы, Төле би ауданы
ауданы

№ 2 Әбдікерім Әбдікерім атындағы

мектеп - гимназиясының
мектебі

қоғам пәні мен әртіс мұғалімі

Абдура Аманжол Бекжановна
төел, аты, әкесінің аты

МАРАПАТТАЛАДЫ



Директор: Б. Төлімбет



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

Траиота

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
РУХАНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ЖОЛЫНДА
ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫН ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН
АРТТЫРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН

Түркістан облысы, Бөкей ауданы
ауданы
№ 8 Озбекский Мәжітқов атындағы
мектеп - гимназиясының
мектебі
құрамындағы мектеп директоры
мектеп директоры
Абдулова Анамарзия Бекзатовна
төел, аты, әкесінің аты

МАРАПАТТАЛАДЫ



[Signature]
Төелбет

Тіркеу № 2156

Түркістан, 2022



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

Трашота

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ
КРЕАТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ТИІМДІ ДАМУ
ЖӘНЕ ПОЗИТИВТІ ИМИДЖ ҚАЛЫПТАСТЫРУ
АЯСЫНДА ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ МЕН ОЗЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕ
ҮЛГІСІН ТАНЫТҚАНЫ ҮШІН

Түркістан облысы, Бөкей атындағы
№ 5 Әбділкі Мәнібеков атындағы
мектеп-гимназиясының
қазас жеті мен әділет мұғалімі
Аббасовна Әбділкі Мәнібековна
тебі, аты, әкесінің аты

МАРАПАТТАЛАДЫ

Директор:



Б. Төлімбет

Күні
Тіркеу № 044

Түркістан,
2022/2023 оқу жылы

Құрмет грамматасы

Ақылдастар алқасының төрағасы

*Сапалы білім, саналы тәрбие беріп,
жас ұрпақтың бәсекеге қабілетті
тұлға болып қалыптасу жолындағы
ұстаздық өнегелі еңбегі мен
жан-жақты ғылыми ізденістері
үшін марапатталды.*

Ақылдастар алқасының төрағасы,
ҚР ҰҒА академигі,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Бас редактор,
PhD, доцент



Б.Ө.Сманов

А.Т. Қасымбекова

Сертификат

Редакция алқасы

Абецова Ахжаркын

Журналдың 2023 жылғы № 2(41) санында жарияланған

“Озышымарта білім берудегі
эдіс-тәсілдердің тиімділігі”

атты мақаласы

(ғылыми мақала, ҚМЖ, сценарий, эссе, естелік) үшін берілді.

Ақылдастар алқасының төрағасы,
ҚР ҰҒА академигі,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Бас редактор,
PhD, доцент



Ө.Сманов

А.Т. Қасымбекова

Алматы, 2023 жыл

@bilim_times_jurnaly

БІЛІМ

times

ж у р н а л ы

Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал

2 (710) 2023

Айтқали Әлмырзаұлы Иманбаев

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры,
ветеринария ғылымдарының кандидаты

Абеуова Ахжаркын

*Түркістан облысы Кетес ауданы
 Абай ауылы №2 Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының
 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

ОҚУШЫЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Білім - тәсирлейтін қатнама екендігі даусыз. Қазақ тілінің өте бай тілі және көркем екендігі баршамағызға аян. Білім беру мен білім алуымыз атқарылатын қарқынды жұмыс біз ұстаздардың еңбегінде екені аян баршамағызға. Біз бұл үшін үнемі ізденіп, өз еңбегіміздің жемісін көргіміз келетінін даусыз. Үшінесіңіздіңөңбар: «Бала - балқытылған ақын» деген. Баланы қалай оқытып, тәрбиелеп, баптасақ, бала өз өмір жолын жақсы қырымен жалғастыра алады. Сонымен қоса өз теориясын практикасымен солай ұштастырып, өмір жолын солай жалғастырады деп ойлаймын. Балалардың болашағы жарқын, алаң да абыз азамат болғанын қаласақ, олар үшін аябай еңбек етіп, алға ұмтылдыруымыз қажет.

Білім саласының азаматтары болғандықтан, өз оқушыларымызға жақсы бағыт-бағдар беру - азаматтық парызымыз деп білемін. Мектеп оқушыларының білім алуы мен оны жалғастырып, өз өмір жолын жоғары деңгейге алып шығуы мұғалім мен ата-аналардың жол көрсетуімен деп айта аламын. Біз жақсы ұстаз болып, оларға жол сілтеп, бағыт-бағдар берсек, олардан өте керемет азамат азаматшлар шығарымыз деп есептеймін. Тіліміздің мемлекеттік тіл алғанына қаншама уақыт болса да біздің оқушыларымыз әсіресе, орыс сыныптары өз тілімізде көп сөйлей бермеуі дұрыс емес. Ал, қазіргі таңда ұлттық арналар мен тіімді тәсілдер арқылы баланың логикасын дамытатын тапсырмалар өте көп. Сонымен қоса, көптеген жаңартылған білім

бағдарламасы бойынша, әдіс-тәсілдер мен тіімді ақыл-кеңестер өз балаларымыздың, оқушыларымыздың өмір жолының бірізділікпен кетуіне септігі зор деп айта аламын. Қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер өте көп. Тек қана, оларды біз тіімді де ұтымды пайдалана алсақ болды.

Оқушылардың өздерін еркін ұстап, реттеу үшін топтық жұмыстың орны айрықша. Себебі, топтық жұмысты орындаған оқушылар өмірге деген қызығушылықтары артып, өздеріне сенімді болады. Жеке-дара сенімсіз боп, көп оқушылар тапсырмаларды ойдағыдай орындай алмайды, оны көпшілік ортада айта алмайды. Сол себепті, «Сыныптағы бірлескен жұмыс» мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастық атмосфера-сында оқуды қамтамасыз етуіне бағыттайды» деген ойламын өз басым. Оқушылармен сабақты бастамас бұрын, өзара сыныпта жағымды ахуал орнатып, олардың көңіл-күйлерін көтеріп, аудиторияда әлемі көңіл-күй орнатып, жақсы ұстаз екенімді пәні етемін деп ойлаймын. Балалардың өздеріне сенімділігін арттыратын әдіс-тәсілдердің барлығы тіімді деп есептеймін. Әрбір әдіс-тәсілдердің адам баласының өміріне тигізер септігі орасан зор деп ойлаймын. Бұл практика жүзінде дәлелденген және дәлелденуде.

Мен өз сабағымда сұрақ-жауап әдістерін өте көп қолданамын. Себебі, сауал қою арқылы баланың өмірге деген көзқарасы мен

ізденушілігін дамытамыз. Баланың дамуы - болашағымыздың дамуы деп есептеймін. Балалар алған білімдерін меңгеріп, өмірде қолдана алса, нұр үстіне нұр болатын еді. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, сабақта тіімді әдіс-тәсілдер мен сауал-жауап әдістерінің септігі өте жақсы. Әр тәсілдің өмірде үйретері өте көп. Барлық әдіс-тәсілдер арқылы баланың әр қырын ашып, өмір сүруге деген көзқарасы мен адам құндылықтары мен ігі қасиеттерін бойлағыра сіндіруге болады.

Ал, «ДЖИГСО» әдісін алатын болсақ бұл әдіс арқылы оқушылардың арасында диалог әдісі мықтап дамыды деп айта аламын. Диалогқа түсу үшін де балалар өте көп ойлашып, міндетін жұмыс жасатып, дамыту қажет. Бұл әдісті қолданғанда оқушыларда пәнге деген қызығушылық артады және өмір сүруге және өмірде мықты азамат болуға деген құлшынысы арта түседі. Бұл біз үшін өте жақсы ілгерілеу деп айта аламыз.

Қорыта келе, мен өз сөзімді аяқтамас бұрын, «Балаларды жақсы көретін ұстаз - шың ұстаз» деп білемін. Балалар - біздің ертеңіміз бен жарқын болашағымыз. Ұстаздық жолымызға әр оқушының жүрегіне орын тауып, оның биік белестерді бағындыруына сенімділігі арттыру үшін, көркем шығармалар мен ертегілерді оқытып, олардың көңілдеріне жол тауып, жүректерін жылулыққа толтырып, үнемі аябай еңбек етіп, жанашыр ұстаз болу - басты арманым деп білемін.



**Абеуова Ахжаркын
Бекзатовна**

Республикалық
"Білім шыңы-Ғылым сары"
журналы редакциясынан 2023 жыл
28 ақпан №002 шешімі бойынша
**"ОКУ МЕН ТӨРБИЕ ІСІНІҢ
ҮЗДІК УСТАЗЫ"**
төсбелгісімен марапатталды.

Бас
редактор



А.ЕСЕН

